

## **First қызметтер пакеті бойынша Акция ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)**

**Bereke** - Банктің мобильді қосымшасы.

**CIP Ақтау** - Ақтау халықаралық әуежайының залы.

**MCC-коды** (MCC, Merchant Category Code) – эквайер-банк тағайындайтын сауда-сервистік кәсіпорынның сауда нүктесінің қызмет түрінің коды. Ол төрт таңбалы нөмір болып табылады және сауда-сервистік кәсіпорындар сататын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің түрлерін жіктеу үшін қолданылады.

**Акция** – First қызметтер пакеті бойынша «Bereke Bank» АҚ өткізетін маркетингтік акциясы (бұдан әрі – «Акция»).

**Банк** – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

**Бонус** - Банктің өз қаражаты есебінен Клиентке ұсынылатын шартты бірлік. 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең. Бонустар ақша болып табылмайды.

**Бонустық шот** - бонустарды есептеу және есептен шығару жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған Клиенттің арнайы шоты. Бонустық шот банктік шот болып табылмайды.

**Карта ұстаушысы** - Банк шығарған Mastercard World Elite премиум картасын ұстаушы.

**Карта** - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite премиум картасы.

**Клиент** - Акция басталғанға дейін және өткізу кезеңінде Банк оның атына ағымдағы шот ашқан және/немесе Карта шығарған жеке тұлға, Акция қатысушысы.

**Жаңадан ашылған карталар** - Қызметтер пакетін рәсімдеген күнге дейін 90 күн ішінде қолданыстағы премиум Картасы болмаған ұстаушыларына ашылған карталар.

**Акцияны өткізу кезеңі** - 21.01.2025 жылдан бастап 20.07.2025 жылға дейін.

**Lounge Key бағдарламасы** - бүкіл әлем бойынша әуежайлардың бизнес-залдарына кіру рұқсатын беретін бағдарлама. Әуежайлар тізбесі [www.loungekey.com/we-kz](http://www.loungekey.com/we-kz) сайтында орналастырылған.

**Қызметтер пакеті (бұдан әрі – «ҚП»)**– клиентке ең көп сұранысқа ие банктік қызметтер мен өнімдер кіретін кешендік ұсыныс.

**Кіру** – Lounge Key бағдарламасы бойынша бір адамға әуежайлардың бизнес-залдарына және CIP Ақтауға тіркелген кіру рұқсаты.

**Ілесуші тұлғалар/Қонақтар** – Lounge Key бағдарламасы бойынша бизнес-залдарға және CIP Ақтауға кірген кезде Карта ұстаушысына ілесетін, бизнес-залдарға кіруі тіркелген тұлғалар.

**Орташа күндік қалдық (бұдан әрі – «ОКҚ»)** – бұл Банкте ашылған барлық шоттардағы (карталық, жинақ, ағымдағы, металл) күнтізбелік күндік ақша қаражатының қалдықтарының сомасының айдың нақты күндеріне қатынасы.

**Тарифтер** - Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған Жеке тұлғаларға, Занды тұлғаларға және Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсету тарифтері.

**Трансферлер** – ҚР қалалары бойынша әуежайдан немесе әуежайға дейінгі жол жүру.

## Артықшылықтардың сипаттамасы

1. First ҚП құрамына:
  - 1) Mastercard халықаралық төлем жүйесінің артықшылықтары,
  - 2) 1-Кестеге сәйкес өнімдер мен артықшылықтар кіреді:

Орташа күндік қалдыққа байланысты артықшылықтар	Карта қолданысының толық айы үшін ОКҚ*		
	〒20 000 000,00 дейін	〒20 000 000,00 бастап	〒50 000 000,00 бастап
Кірудің жалпы лимиті: - қонақтар үшін Lounge Key бизнес-залдарына, - карта ұстаушысы мен қонақтар үшін СІР Ақтауға	-	айына 2 ретке <b>дейін</b>	айына 10 ретке <b>дейін</b>
Әуежайдан/-ға дейінгі трансфер, жол жүру үшін 7 500 бонустан артық емес	-	<b>2</b> Трансферге <b>дейін</b>	<b>4</b> Трансферге <b>дейін</b>
«First» Қызметтер Пакеті аясында шығарылған төлем карталары бойынша ҚР аумағынан тыс банкоматтарда қолма-қол ақша алу тарифтері	-	-	соманың <b>0%</b> , қолма-қол ақша алу сомасына қарамастан

\*жаңадан ашылған карталар үшін осы Ережелердің 4-т. сәйкес мән қолданылады.

2. Банк 1-Кестеге сәйкес Клиентке алдыңғы толық күнтізбелік айда ОКҚ сақтаған кезде ағымдағы айда тегін артықшылықтар ұсынады.
3. 1-Кестеге сәйкес ОКҚ-қа сай болу шартымен карта ашылған сәттен бастап артықшылықтардың қолжетімділігі:
  - егер ҚП айдың 10 күніне дейін ашылса, онда клиентке бірден келесі айдың соңына дейін екі айға сәйкес көлемдегі артықшылықтар қолжетімді,
  - егер ҚП айдың 10 күнінен кейін ашылса, онда клиентке бірден келесі айдың соңына дейін бір айға сәйкес көлемдегі артықшылықтар қолжетімді, өтемақы төлеу ОКҚ-ны артықшылықтар көлеміне сәйкестігін тексергеннен кейін ашылған күннен бастап 2 ай үшін карта қолданылған 2-ші ай аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.
4. Жаңадан ашылған карталар үшін артықшылықтарды өтеу мүмкіндігін анықтау үшін қалдықтарды есептеу келесі логика бойынша жүзеге асырылады:
  - карта ашылған сәттен бастап алғашқы екі ай үшін ОКҚ есептеледі. Бұл ретте толық емес айдың (карта ашылған ай) ОКҚ есептеу үшін карта шығарылған күннен бастап нақты күндер саны есептеледі. Өтеу карта ашылған айдың есебімен 3-ші күнтізбелік айда жүргізіледі.

### **Lounge Key залдарына және Ақтау халықаралық әуежайының СІР-залына кіру бойынша артықшылықтарды ұсыну тәртібі**

5. Карта ұстаушысымен ілесіп кірген кезде Қонақтарға Кіруге рұқсат беріледі.
6. Клиент Lounge Key бағдарламасына қосылған залдарға Қонақтарының, не СІР Ақтауға өзі мен Қонақтарының Кіруі үшін өз Картасымен өз бетінше төлейді.
7. Карта бойынша транзакция сәйкестендіргішінде Lounge Key сауда орнының және СІР Ақтау «СІР ZAL OFFICE» атауы бойынша пайдаланылған барлық Кірулер тексерілгеннен кейін айдың қорытындылары бойынша Банк Кіру жүзеге асырылған айдың алдындағы айда ОКҚ бойынша 1-Кесте талаптарын орындаған жағдайда Клиенттің Бонустық шотына төленген Кірудің толық

сомасын келесі айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде Бонустар түрінде қайтаруды жүзеге асырады.

8. Пайдаланылмаған Кіру саны жинақталмайды және әр күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша күші жойылады.
9. Бонустарды есептеуді Банк Карта бойынша төленген Кіру құнының 100% мөлшерінде 1-Кестеде белгіленген Кіру саны шегінде жүргізеді.
10. Шетел валютасында жүргізілген Кіру төлемі бойынша Бонустарды есептеу авторизациялау сәтінде белгіленген Банк бағамы бойынша теңгемен (KZT) жүргізіледі.
11. Есептеу кезінде Бонустардың сомасы есептеледі және бүтін санның жүзден бір бөлігіне дейін дөңгелектенеді.
12. Кіру үшін Бонустар сомасы Банктің «В-Bonus» Бейілділік бағдарламасының лимитіне кірмейді.
13. Клиенттің банктік шоттарында шектеулер/тыйым салулар болған кезде Банк Клиенттің Бонустық шотына бонустарды есептемеуге құқылы.

### **Әуежайдан/-ға дейінгі трансфер бойынша артықшылықтарды ұсыну тәртібі**

14. Трансферлер ҚР қалалары бойынша ғана әуежайдан немесе әуежайға дейін жол жүру үшін ұсынылады.
15. Пайдаланылмаған Трансферлер саны жинақталмайды және әр күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша күші жойылады.
16. Өтем алу үшін Клиент Трансферді өзінің Банк Картасымен төлейді және телефон немесе мессенджерлер арқылы өзінің Жеке менеджеріне Картамен Трансфер төлемі жасалғаны туралы хабаралайды.
17. Банк ай қорытындылары бойынша клиент көрсеткен күні «Такси» (МСС 4121) санаты бойынша барлық көрсетілген төленген Трансферлерді тексергеннен кейін келесі айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде бонустар түрінде қайтаруды жүзеге асырады.
18. Бонустарды есептеуді Банк көрсетілген Трансфер құнының 100% мөлшерінде 1-Кестеде белгіленген Трансферлер саны шегінде жүргізеді.
19. Есептеу кезінде Бонустардың сомасы есептеледі және бүтін санның жүзден бір бөлігіне дейін дөңгелектенеді.
20. Жол жүру үшін Бонустар сомасы Банктің «В-Bonus» Бейілділік бағдарламасының лимитіне кірмейді.
21. Клиенттің банктік шоттарында шектеулер/тыйым салулар болған кезде Банк Клиенттің Бонустық шотына бонустарды есептемеуге құқылы.

### **Басқа талаптар**

22. Клиенттер Ережелермен және [berekebank.kz](http://berekebank.kz) сайттындағы және Bereke-дегі Банктің өзге де хабарламаларымен өз бетінше танысады. Осы Ережелерде көрсетілген артықшылықтарды пайдалану клиенттің Ережелермен танысқанын және оның талаптарымен келісетінін білдіреді.
23. Клиенттің артықшылықтарды ұсынуға байланысты кез келген шағымы бойынша Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Бонустардың дұрыс сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы операция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеуден бас тартуға (Бонустық шотты бұғаттауға) құқылы.
24. Бонустарды беру Банктің құқығы болып табылады, бірақ оның міндеті емес.
25. Банк [www.berekebank.kz](http://www.berekebank.kz) корпоративтік сайтта және Bereke-де Ережелердің жаңа редакциясының электрондық нұсқасын орналастыру арқылы Клиенттерге бұл туралы хабарлай отырып, артықшылықтардың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе ұсынылатын артықшылықтар көлеміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы.
26. Ережелерге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және «First» Қызметтер Пакеті аясында Карта ұстаушыларына қолданылады. Ережелердің жаңа

редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.

27. Банк Бонустарды есептеуден (беруден) бас тартуға, сол сияқты Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша Банк алдында берешегі (оның ішінде Банк қызметкері ретінде), оның ішінде Бонустық шот бойынша берешегі болған жағдайларда, егер Клиент Ережелердің шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе артықшылықтарды ұсынудың қандай да бір шарттарын теріс пайдаланса; егер Банктің Клиенттің ақшалай операцияларының және (немесе) өзге мүлкінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты, немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты болуын болжауға негіздері болса, сондай-ақ, Банктің пікірі бойынша Банк үшін кез келген теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін өзге де жағдайларда кез келген Клиентті артықшылықтардың қатысушылар тізімінен ескертусіз алып тастауға құқылы. Бұл жағдайда, Банк Клиенттің зардаптары/шығындары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.
28. Ережелердің шарттарын теріс пайдалану — Клиенттің Ережелердің шарттарын бұзатын әрекеттері (Банктің пікірі бойынша), шарттар мен талаптарды сақтамау, алаяқтық әрекеттер жасау, «First» Қызметтер Пакеті шеңберінде берілетін қандай да бір артықшылықтарды/көтермелеулерді теріс пайдалану.
29. Бонустық шоттағы Бонустар Ережелердің 27-тармағында көрсетілген, сондай-ақ қайтару/алмау себептеріне қарамастан, Банк Бонустар есептеген кезде тауарды қайтаруды/операцияны жоюды жүзеге асырған; артық/қате/дұрыс аудармаудың себебіне қарамастан, Бонустарды артық/қате/дұрыс аудармаған; Картаны жапқан және/немесе ағымдағы шотты жапқан жағдайларда (толық және ішінара) жойылады.